

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Тарих факультеті

Археология, этнология және музеология кафедрасы

**«Көшпенді өркениет» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы және әдістемелік
ұсыныстары**

«6B02211-Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

Алматы, 2025

Құрастырушы: Тургунбаев Е.М. т.ғ.к., Археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және атағы)

«Көшпенді өркениет» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«_____» _____2024 ж., хаттама

Кіріспе

Студенттер «Көшпенді өркениет» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.

5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтижесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі.

- 1.Еуразиялық көшпелілердің тіршілік ету ортасы.
- 2.Көшпелілердің қуаң аймақта тіршілік ету ортасы.
3. Көшпелі өмір салтын тарату аймағы.
- 4.Көшпелі аудандардың экологиялық сипаттамалары.
- 5.Көшпелілердің көшіп-қону аудандары.
- 6.Көшпелінің эволюциясы.
- 7.Н.Масановтың "Кочевая цивилизация"монографиясы.
- 8.Г.Е.Марковтың"Азия көшпелілері.Экономиканың құрылымы мен әлеуметтікұйымы" монографиясы.
- 9.Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанның табиғиклиматтық жағдайлары.
- 10.Батыс және Оңтүстік Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайлары.
11. Көшпенді халықтардың мереке күндері мен ойындары.
12. Көшпенділердің туыстық қарым-қатынасы.
13. Көшпенділер өркениетіндегі ас-тағам мәдениеті.
14. Көшпелі халықтардың діни наным сенімдері.
15. Көшпенділердің материалдық мәдениетінің зерттелуі.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Әдебиет: негізгі, қосымша.

1. Древние цивилизации Евразии. История и культура. М., Восточная литература, РАН.2001., с. 52-53.
- 2.Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. - СанктПетербург: Филологический факультет СПбГУ, 2005. - 346 с.
- 3.Доманин А.А. Монгольская империя Чингизидов. Чингизхан и его преемники. - М.: ЗАО Центрполиграф, 2005.
- 4.Крадин Н. Н. Кочевники Евразии. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 416 с. 5.Хазанов А. М. Кочевники и внешний мир. 3-е изд. Алматы: Дайк-Пресс, 2000. 604 с.

6B02211-Этнология және антропология
мамандығы бойынша «Көшпенді өркениет» пәнінен емтихан қабылдау нұсқаулығы

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жанжақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толыққанды қамтылмауы жағдайында, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақ пен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Көшпенді өркениетке қатысты терминдер мен ұғымдарды қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл.